

КӘЗІОГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ

Л2005  
2594к

# Кәмила Құдабаева

## ЖАЛҒЫЗ ХАТ

ЭҢГІМЕДЕР, ХИКАЯТТАР







# **Кәмила Құдабаева**

**ЖАЛҒЫЗ ХАТ**

**ӘНГИЕДЕР, ХИКАЯТТАР**




**Алматы  
"Жазушы"  
2004**

ББК 84 Қаз. 7-44

К 74

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр



Құдабаева К.

К 74 Жалғыз хат. Әңгімелер мен хикаяттар.— Алматы:  
Жазушы, 2004. — 272 бет.

ISBN 9965-701-36-9

Шығармаларының көбі жастар өмірінің, қыз-жігіттердің күйінш-  
сүйінішін, сәтті-сәтсіз ізденістерін, тағдыр тауқыметін суреттеуге  
арналған жазушы Қомила Құдабаева таяуда “Алғашқы махаббаттың  
азабы” атты хикаят жазып бітірді. Онда нарыктық қарым-қатынастарға  
кошкен қазіргі уақыттағы парапорлық, нашакорлық, масылдық тәрізді  
іс-әрекеттер тілге тиек болған. Сондай-ақ жинақта жазушының бүрын  
жарық көрген кітаптарынан алынған тандаулы әңгіме, хикаяттары түнғыш  
рет топтастырылып ұсынылып отыр.

К 4702250201-046  
402(05)-04 құлактандырусыз—2004

ББК 84 Қаз. 7-44

ISBN 9965-701-36-9

© “Жазушы” баспасы, 2004

# Хикаяттар



## Қызыл көйлекті қыз

### 1

Толеген көшеге шығып, тура орталыққа қарай жүрді. Алматымен бүгін коштасатын күні болған соң, асықпай басып жан-жағын тамашалап келеді... Ауа салқын. Тұнде ғана жауып өткен жаңбырдың дымқыл іісі сезіледі. Асфальт көшелер айна көлдей жарқырап жатыр. Зенгір көк аспаннан төгілген күн сәулесі жасыл жапырақтардағы жасырынып қалған жаңбыр тамшыларымен жарыса ойнап, әр жерден бір меруерт сынықтарындај жалт-жұлт ете қалады. Төлеген бұл суреттерді бірінші рет көргендей қызыға қарайды, қимай қарайды.

Аспан да бүгін ерекше сияқты. Көк бәтестей түп-тұнық. Тек сонау биік шындарында ак қар, көк мұз жатқан маңғаз Алатаудың үстінде ғана түтілген ак жібек жұндей ақша бұлттар үлпілдей ұшып бара жатып, сөл кідіріп қалғандай. Одан томеніректе қысы-жазы жап-жасыл бол тұратын табиғаттың тағы бір кереметі — қарагай мен шыршалар көрінеді.

Төлеген достарымен сан рет тауда болғанын еске алды. Ол өсіреле тауда өсетін гүлдерді жақсы көретін. Көбісінің атын да білмейді. Бірақ олардың жұпар іісін Төлеген қаладағы клумбаларда өсетін гүлдердің бірімен тенгермейтін. Мұнда ауылының елесі, даланың самал іісі жататындаі еді. Жігіттер өсіреле емтихан тапсырғанда мұғалімдер столына тау ғұлін теріп әкеп қоюды ұнататын. Қызық. Мұғалімдер де бұл гүлдерге ерекше қуанатын.

Төлеген айналасындағы адамдарға да ерекше тебіреніспен қарайды. Ары-бері лек-легімен ағылған адамдар шеруі. Олардың көбі жұмысқа емес, театрға кетіп бара жатқандай. Сәнді, салтанатты. Астананың сәулетін асыра, келістіре түсестін де солар фой. Төлеген осыны да ұнатады. Жұмысқа, қызметке осылай шат көнілде, көтеріңкі рухта бара жату — халықтың сырьы, бақыттың сырьы іспетті көрінеді оған.

Оның кеудесін тағы бір қуаныш тасқыны кернеп кетті. Күні кеше ғана университеттің үлкен залында салтанатты жиналыс болып, бұларға диплом тапсырылды. Факультет деканы дипломды табыс етіп тұрып Төлегенге:

— Біз сізге енбекте де зор табыс тілейміз! Бірер жылдан соң міндетті түрде аспирантураға келіңіз! — деп тілек білдірді.

Енді міне Төлеген алдағы үлкен өмірге, қайнаған енбек ортасына кетіп барады. Арманы алысқа алып ұшып, көкірегінің шаттыққа толып келе жатқаны да сондыктан.

Бұл жолы ол алдымен Жамбыл қаласына барады. Сондағы интернатта ең кіші інісі Керім тәрбиеленеді. Соған жолығып, амандығын біледі. Келесі жылы мектебін бітірген соң алып кететінін айтады.

Орталықтағы автобус аялдамасына жақындаған Төлеген өзін күтіп тұрған достарын алыстан көрді. Жүгіріп келіп олармен құле қауышып, сөлемдесіп жатыр. Жарыса сөйлеген жігіттердің өзіл-оспақтарында дос көңлін танытатын өзгеше жылу бар.

— Той жасасаң, бізді ұмытпа, профессор,— деп жатыр бірі Төлегенге қуақылана көз тастап.

“Профессор” — жігіттердің Төлегенге құрметтей қойған жанама аты. Бес жыл бойы үздік оқыған оның білмейтіні жоқ десе де болады.

— Ой, қойши! Осы бара сап үйлене қояр деймісің?! Қыздың соңынан жүгіргеннен — зан баптарының тереңіне үнілу артық бұған, білмеуші ме ең?!

— Не көрініп! Шал болғанша осылай тізесін құшақтан өтпек пе?

— Қайдан білейін. Осында жүргенде бір есебін таппағанымызды қараши?!

Жігіттер өздерінше мәз боп күліп жатыр.

Ешқайсысының сөзін бөлмей, достарының өзіліне мәз болып тұрған Төлеген бір сәтте күлкіден пышақ кескендей тыйылды. Жол жаққа қарай сөл ұмтыла, өлдекімге қадала қарап қалды. Қасындағылар өзара қағысып тұрып, Төлеген жүзіндегі бұл өзгерісті байқаған жоқ.

Жігіт назары автобусқа қарай келе жатқан бір қызға ауған еді. Қыздың үстінде ашық қоңыр түсті жаздық женіл плащ, басында сарғыш жібек орамал. Төлегенді селт еткізгені оның аурудан тұрғандай аппақ жүзі мен тұнжыраған қап-қара көздері еді.

Енді Төлегеннің бар ойы әлгі қызға ауды. Бұл кім!? Неге сонша жүдеу? Қайда барады? Бір жерде көрген сияқты. Қашан, қалай? — деген сұрақтар өз-өзінен еріксіз өрбіп барады. Оның үстінен қыз да шекесінде “Жамбыл” — Алматы” деген жазуы бар автобусқа отырған соң, мұлдем мазасыздана бастады.

\* Қазіргі Тараз қаласы.

Көп кешікпей автобус та жүретін болды. Төлеген шығарып салушы достарымен асығыс қоштаса бастады. Өзінен-өзі елегізіп, аландап, бар дүниен ұмытып, бір өзгеше күйге түсті де қалды. Жолдастарының қоштасқандағы қымбат сөздерінің бірін естісе, бірін естімеді...

Машинаға отырысымен жан-жағына қарағыштап манағы қызыды іздеді.

Тапты. Автобустың сол жақ қанатындағы алдыңғы орында терезеге қарап, мәндайын қолымен таяған күйі отыр. Жұрт кіріп жатыр ма, шығып жатыр ма, еш нәрсемен ісі жоқ.

Төлегеннің орны қызға түстас, бірақ оң қанатта болып шықты. Жайғасып отырганымен, екі көзі еріксіз бейтаныс бойжеткен жаққа ауа береді.

Аздан соң автобус та кірер есігін тарс жауып орнынан қозғалды...

Қыз әлденеден үміті үзілгендей орындыққа шалқая отырды да көзін жұмды. Қазір қыздың аппақ жүзінде қою қара кірпіктері ғана сәл діріл қағады. Міне, мөлдір моншақ тәріздес бір тал тамшы дымқыл кірпіктерінен үзіліп түсті де, төмен қарай домалап, топ-томпақ кезерген еріндеріне жетіп жоқ болды.

\* \* \*

Автобустың орнынан жылжығаны да сол болатын, аялдамаға бір топ қыз бен жігіт жүгіріп жеткен еді.

— Қап, үлгере алмағанымызды қарашы!— деді олардың ішіндегі шымыр денелі сымбатты жігіт қатты өкініп.

— Әттеген-ай, әсіресе саған обал болды-ау?!!— Бүйра шашты тана көз қыз көңілдене күлген болды. Бірақ күлкісінің жасанды екені көрініп қалды. Оның сезін ешкім костаған жоқ. Содан соң ба, әлдекімге өршелене түскендей ол:

— Кейінгі кезде ол өте көңілсіз жүрді, ал сен, Нариман, группадағы староста бола тұра, соны байқамадың!!!— Шолпан енді сықылықтай күліп, еркелегендей сынай танытты. Нариманның ол қызды ұнататынын Шолпан біллетін. Сондықтан әдейі шымшып алғандағысы. Әрі онысын білдірмеуге тырысқандағысы. Мұны Нариман да түсініп тұр. Сондықтан да Шолпанға жалт қарағандағы көзқарасы сүйктау еді.

— Неге байқамайын?! Байқадым, Шолпан. Бірақ ол сен күле қарайтында немесе мен араласа кететіндей женіл нәрсе болмауы мүмкін ғой. Білген кісіге адамның жан-дұниесі ете нәзік, тым күрделі нәрсе...

— Қойшы, Нариман, сен қызыбен тіл табыса алмайды дегенге кім сенеді?!

Шолпан өнгімені өзілге бұрып, бұл жолы жай жымиған болды.

— Бұғінгі түрі — өзгеше екен. Жаңа автобус қасымыздан ете бергенде терезеден байқап қалдым. Өзі Айсұлуға барам деп пе еді?

— Бір нәрсеге ұшырап қалмас па екен... — үндемей тұрған екі жігіт жарыса сөйледі.

— Жоқ,— деді Нариман оларға қарап, қысқа ғана. Содан соң сәл үнсіз тұрды да:

— Ол қамықса да, қайыспайтын адам! — деді.

Бұл сөзін ешкімге арнаған жоқ.

Жігіттердің өз құрбысына соңша ілтипат көрсетіп, мұны аса қадірлеп көздеріне ілмейтіні ішін тағы да тырнап өткендей болып, Шолпан тыржын етті. Әдеміше келген жүзі — әдемілігін жоғалтып бара жатты. Тырсиып, томсырайды да қалды. Басқалары Нариманның жаңағы соңғы сөзінен соң едөүр ойланып қалған-ды. Нариман айтса — босқа айтпайды.

\* \* \*

Газет оқып отырган сияқты болғанымен, Төлеген қызыдың жүзіне үрлана қарайды. Енді көзінде жас та жоқ. Дәл бір тас мүсіндей. Сыртқа қараган бойы сұлық отыр.

\* \* \*

Ол қазір қала аралық автобустың ішінде отырган адамдай емес. Өзінің қайда, не үшін кетіп бара жатқанын да ұмытып кеткен сияқты. Көз алдынан әр түрлі елестер өтіп-кетіп жатыр. Жаңа бұлардың автобусы көше мүйісін айналғанда ғана шашы жалбырап жүгіріп келе жатқан Шолпаңды байқап қалды.

“Ол несіне мені шығарып салуға келеді екен. Е, иә, Нариманнан бір елі ажырап қалғысы жоқ... Өзі мені үннат-

пайды-ақ. Сөйтеп тұра — соңымнан қалмайды. “Қай емтиханнан болса да, Құралай, сен ылғи бес алып шығасың. Мұғалімнің алдында қылымсуды білесің гой деймін!”, — деп күледі. Қалжыны. Бірақ шағып алғаннан кем емес. Менің күні-түні кітаптан бас алмайтынымды көре тұра көрмегендей болады...

Фажап... Мұны несіне ойлап отырмын?! Қазір тіпті, оған ыза да боп отырғам жоқ қой...

Бәрі де бітті, бәрі де бекер. Ештеңеге сенуге болмайды...— деп ойлады Құралай одан әрі. Қоштасуға келмегенің қандай дұрыс болды, Азат. Әйтпесе бәрін де бетіңе айтып салатын ем! Кешегі қызбен кездесуден соң... Оның айтқан әңгімелерінен соң... Жоқ-жоқ, Азат, енді ешбір акталуынның қажеті жоқ...” — деп бір қояды.

\* \* \*

“Мен сені тұнғыш рет өзіміздің жатақханада өткен Ержанның туған күнінде көріп едім. Сен оның жақын туысы екенсің. Ал Ержан екеуміз бір курста окушы едік қой. Сен сол мереке күні көпшіліктің сұрауымен пианинода ойнадың. Одан соң қоңыржай домбыраға ауысып, үнсіз отырып көп әуендерді тарттың. Сен емес, сен үшін сол домбыра сөйлем жатқандай әсер етті маған. Қыздар мен жігіттер жұптасып би биледі. Сен, тіпті, оларға да қарамадың. Домбыра әуеніне тербелгендей өзіңше отырдың. Ал, қызы-жігіттер қосылып ән шырқағанда, сен аулаға кетіп, шылым тартып ұзақ тұрдың.

Әркімге әр түрлі мінез ұнайды. Біреу күндей құлғен көнілді жандарды ұнатса, біреу сабырлы-салмақты жандарды жақсы көреді. Ал мен болсам... Сен маған керемет романтик боп көрініп ең...

Бірақ мұны әлі маҳабbat деуге болмайтын еді. Қөрдім. Коніл аудардым. Сыртқы түрінде мін жоқ секілді. Жүргің қандай, жаңың қандай? Кімсің, қандай адамсың деп ойладым. Кейін білдім, сен медицина институтында оқиды екенсің. Одан бұрын арнаулы музыкалық білім алған корінесің”.

Автобустың кілт тоқтағаны Құралайдың да ойын ұзді. Қолындағы бір парақ қағазға қарап жол бойындағы кезекші жолаушылардың билетін тексеріп жатты.

\* \* \*

Астанадағы институттарда студенттердің кездесу кештері, өнер-білім салыстары жиі өтіп тұрады ғой. Осындай бір сауық кешіне медицина институты университеттің студенттерін шақырылты.

Мұндай кештерге баруды Құралай онша үнатпайтын. Себебі, бимен онша әуестігі жоқ-ты. Алайда студенттер өмірі белгілі ғой. Әсіресе, қыздар қауымы. Мұндай кездесуге баратын құрбысын бір бөлмеде бірге тұратын қыздар бөрі жабылып қуыршақтай киіндіріп, тойға бара жатқандай шығарып салады. Осы жолы кешке Құралай оқитын курс студенттері түгел жиналып келді.

\* \* \*

Көпшілікті қақ жарып кеп Азат Құралайды биге шақырды. Сол кеште ол екеуінің арасында қысқа ғана әнгіме болған еді...

— Құралай, сенің жаның нәзік екен.  
— Неге олай дейсіз? Кім айтты?  
— Көздерің айтты.  
— Қалайша? Қашан?  
— Ержанның туған күнінде...  
— Онда мен сізге назар аударып қараған жоқ сияқты едім ғой.  
— Иә, қарамағаның рас. Бірақ домбырадан төгілген әуенде сен соншалықты үйип тындал қалдың. Терезеге бұрылып отырсаң да, мен сенің көздерінді көріп тұрдым... Сенің көздерің сондай тап-таза...

Құралай еріксіз куліп жіберді де, бірақ ойына әлдене түскендей дереу тыйылды.

— Сөзді мактаудан бастағанының тегін болмады. Бір мінімді байқағансыз ғой, сірә.  
— Неге... Таза дегенім алдамайды дегенім шығар...  
— Қызық екен... Көзімнің қандай екені жайында ешқашан ойланбаған екемнін.  
— Солай болуы керек те шығар...— деп кідірді Азат та. Сонан соң барып:

— Саган келіп тұруға бола ма?— деп сұрады.  
Құралай үнсіз қалды. Ойлы қалыпта вальс ырғағымен айналып жүр.

— Кешір, Құралай, “ең оңай іс басқаға ақыл айту, ең киын іс өзінді өзің тану”, — деген екен бір философ. Мен өзі, былайша айтқанда, бір түсініксіз адаммын! Қыздар деген... кейде тартады, кейде тартпайды... Бірақ мұның бәрі саған байланысты емес, жалпы ғой...

— Бүгінгі күннің Печорині емессің ғой, әйтеуір...— деп Құралай да “сенге” көшіп, оған тұра, құлімсірет қарады.

— Жок, неге?!— деп Азат та жымиды.— Дегенмен тенеуің тосын, әдемі екен?!

...Бұл шырпы отының жаңып-сөнгеніндей қысқа уақыттағы аз-кем әңгімeden екеуінің жүргегінде жылты өсер қалды.

“Ақылы бар жігіт сияқты”, — деп, ойлады ол туралы Құралай. Кім білсін, жай жылтыр сөз қуып, ақылгөйсіп корінетіндер де болады. Сөзіне қарап емес, мінез-мақсатына, ой-парасатына, қасындағы адамдарға қарым-қатынасына қарап бағалаған жөн ғой, тегі, деп те ойлады. Оған мамасы осылайша үйрететін. “Адамды жақсы деуге де, жаман деуге асықла. Абай атаң: “ақырын жүріп, анық бас” деген. Қателесу тым оңай”.

\* \* \*

Жүйрік автобус ілеңде-ақ Ұзынағаш селосына келді. Осы жерде аз-кем аялдама болуы керек. Қөпшілік машинадан түсіп жатыр. Ең соңынан қыз да сыртқа шықты. Бірақ әдеттегі жолаушылар сияқты ешкіммен шүйіркелесіп кетпеді. Жол бойындағы жапырағы сыйбыраған биік терекке сүйеніп өзінше тұрды. Енді бір сәтте ең қымбаттысын көре алмай елегізген күйге түсіп, көңілі байыз таппай, қайта ішке кірмек болып, автобусқа жақындағы. Автобус баспалдағында тұрган Төлегенмен бетпе-бет кездесті.

Күн ысығандықтан, қыз плащын шешіп іште қалдырған. Устіндегі қысқа жең, қынама бел қызыл кейлегі шыбықтай бұралған денесіне шап-шак. Сол жақ беті ұшындағы қап-кара мені де өзіне тым жарасымды еді... Оның бәрі түк емес-ау. Бастысы, қыздың өзгеше жүріс-тұрысы, кескін-кейпінің өзі-ақ Төлегеннің көнілін бір көргеннен тартып әкеткен.

Қыз қасынан таяп өте бергенде, аттай тулаған жүрегінің дүрсілін әрең басқан Төлеген:

— Сіз де Жамбылға барасыз ба?— деп сұрады. Дауысында сол діріл бар. Асыққанда аузызына түскені де сол. Қыз

әлденеден селк еткендей, бір секунд оған қыбырсыз қарап қалды. Содан соң:

— Иә...— деп салқын жауап қатты. Көзі Төлегенде болғанымен, ойы басқа жақта екені білініп тұр.

— Сіз не, бір түрлі... Әлденеге қатты күйзеліп келе жатқан сияқтысыз,— деді жігіт, қыз кетіл қала ма дегендей асып-сасып.

— Мүмкін, солай да шығар...— Қыз іле жауап қатты да, ішке еніп кетті.

“Бұл не дегені? Қандай қайғы-мұн болды екен оның жанын жегідей жеген?!”. Жігіт бұрынғысынан да таңырқап, аяқ астынан абыржыды.

Қыз соңынан Төлеген де келіп өз орнына отырды. Алғаш бастаған өңгімесі үзіліп қалса да, аяғын жалғамақшы оймен:

— Каниқулға шықтыңыз ба? Қайда оқисыз?— деді.

— Университетте...

— Мен де сонда оқығанмын. Қазір, міне, бітірдім.— Жігіт әлденеге қуанғандай құлімсіреді.— Солтүстік Қазақстанға жолдамам бар. Әуелде өзім сонда заводта жұмыс істегенмін. Сондықтан ба, кім білсін...— Төлеген тоқталып қалды. Көп сөйлем барамын ба, мақтанғандық болмасын деп, өз ойын тежеп тастаған.

Қыз бұған риза болған секілді. Бірақ қара көздері сол қалпында, қуаныш ізін білдіре қоймады. Терен құдықтай, тұнғиық.

— Жамбылда туыстарыңыз бар ма? Менің сонда туған інім бар. Әке-шешеміз қайтыс болғанда ол бесікте қалған еді. Енді інімді өз қолыма алмақпын,— дей беріп Төлеген қыз жүзіне қарап еді, айтпақ сөзі көмейіне тығылып қалды. Қыз тағы да терезенің ар жағына үңіліп, асфальт жолмен жарыса жалғасып жатқан тау жоталарына, биік шындарға қарап қалған екен.

— Сіз...— дей беріп еді жігіт, қыз өзінің бар құпиясын барынша жасыра түскісі келгендей:

— Несіне бәрін айтасыз?! Менің ешкіммен сөйлескім келмейді. Тіпті... өмір сүрудің де қызығы жоқ!— деп салды. Жалт қарағанда манадан бері мейірімді көрінген жұмбак жанараптап тосын ойдағы суық оты жарқ етті.

Не деген оқыс сөз?! Неткен суық жанарап! Өнменінен өтіп кеткендей Төлеген отырып қалды. Әуелде тіпті аузына сөз түспеді. Тек қапсағай батыр тұлғасымен түгелдей қызға бұрыла берген күйі состыиپ қалыпты...

Манадан бері айналасындағының бәріне самарқау көз тастап отырған қыз осы сәттегі жігіт жүзіндегі кілт өзгерістен селт етті. Өйткені, оның өні қуқылдана, құлімдеген көздері ойлы, сұық тартылты. Бүкіл болмысымен әлденеге таңырқағандай. Тіпті айтылған сөздің мағынасына онша түсіне қоймағандай өзгеше кейіпке енген еді.

“Несіне айттым? Ол маған кім еді?”— деп қыз іштей қатты өкініп, теріс айналды.

Жігіт те үнсіз ойға берілді. Сәлден соң барып:

— Маған сенуіңізді өтінем. Қолымен келген көмекті аямаймын!— деді.

Енді қыз жігітке таңдана қарады. Жолға шыққаннан бері алғаш рет оған үзак, туралап көз салғаны осы болатын...

— Қындықта адамның бір-біріне қол ұшын беруі — азаматтық парыз. Қөніліңізге еш күмән келмесін...— Төлеген қыздың құдігін айтпай-ақ түсінді.

— Мұнша қапалануыңыз тегін болмас... Бірақ қуанышты бөліссе қуаныш көбейеді, қайғыға ортақтасса қайғы азаяды дейді екен...— Жігіт ойын осылайша нақтылай түсті.

Кыз үнсіз. Манадан бергі қылығынан ұялғандай, мулде теріс қарап кетті.

— Айтыңызы, әлде сырқаттанып қалып, соның азабын үнсіз тартып жүрсіз бе?— Жігіт қызға әлдебір ойлы ынтызарлықпен қарады.

— Жоқ, денім сау.

— Онда біреулер ренжіткен болды ғой.

— Жо-жоқ.

— Мүмкін ата-анаңыз...

— Ол да емес...— деді қыз. Осы тұста дауысы тіпті, қарлығып шықты.

— Ендеше өзіңіз айтасыз ба?

— Мүмкін. Бірақ кейін. Қазір емес,— деді де, жіңішке аппақ саусақтарымен мандайын тіреп отырып қалды. Жігіт те түсінгендей үндемеді. Тек автобус қана желмен жарысып жүйіткіп келе жатты.

\* \* \*

Бұдан соңғы жолда екеуі де үнсіз отырды.

\* \* \*

Міне, автобус та Жамбыл қаласына жетті-ау. Жұрт қол жүктөрі мен чемодандарын алғып, жан-жаққа тараң кетіп жатыр. Қыз да плащын киіп, автобустан шықты. Төлеген де сонынан іле-шала машинадан қарғып түсті.

— Сәл тоқтай тұрмайсыз ба?

Қыз жалт бұрылды.

— Сізді енді қай жерден, қашан көре аламын?!

Жігіттің дауысы өз еркінен тыс жалынышты, жабырқау шықты.

— Білмеймін...

— Ертең қолыңыз бос бола ма? Маған “ана бір жерде күт” десеніз болды гой.

— Бір көргеннен кездесуге жүгіргеніміз қалай болар еken?

— Мұныңыз орынды да шығар. Бірақ бұдан соң, бәлкім, мұлде ұшыраспай кетеміз бе деп... қорқып тұрғаным.

Қыз аз-кем ойланып қалды. Содан соң іштей бір шешімге келген сыңай танытып:

— Жақсы. Ертең кешкі алтыда қаланың орталық алаңынан күтініз. Менің досым да сол маңда... Өзі бүгін мені тосып алмақшы еді,— деп аландал жан-жағына қарады.

Дәл осы уақытта бұлар тұрған жерге ағызып кеп такси тоқтады. Ішінен ақ құба өнді әдеміше келген бір қыз түсті де:

— Құралай!— деп бұған қарай үмтыйлды.

— Айсұлу!— деп Құралай да ілгері жүгірді.

Екеі құшақтасқан қүйі таксиге отырды. Машина да дур ете қалды.

— Құ... ра-лай!— деген күйі қол бұлғап ұлгірмей Төлеген қала берді. “Құралай!” деп іштей қайталады. Қандай әдемі ат еді!

\* \* \*

“Қызыл көйлекті қыз, кімсін? Қандай жағдайға душар болың? Сені ренжіткен кім? Қандай тас бауыр болды еken ол. Сен секілді үлбіреген нөзік жан кісіге жаманшылық жасай ала ма? Олай болуы мүмкін емес қой.

Неге бұлай деймін. Бір көрген адамға да осылай сенуге, осылай ынтығуга болады еken-ау. Мұның себебі неде? Сенің туңғиық қара көздерің бе осыны сездірген?!“.

Төлеген осылайша ойланып-толғанып, дөнбекшіп тұні бойы үйиқтай алмады. Інісі Керімді жолықтыра алған жоқ. Ол бір топ оқушылармен тауға дем алуға кетіпті. Енді Төлегеннің мұнда аялдайтын ештеңесі жоқ. Тек әлгі жұмбақ қызы ғана жұдырықтай жүрегін түгелдей билеп алғаны болмаса.

Төлеген жиырма бес жасқа келген осы шағына дейін ондай қызды көрмепті. Дәл қазіргідей алабұртқан әлдеқандай ғажап сезімге боленген де емес. Соғыс салдарынан бұлар ата-анадан ерте жетім қалды. Жетінші класты аяқтаған соң кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, оны үздік бітіріп шықты. Заводта еңбек етті. Жұмыс істеп жүріп кешкі мектепті бітірді. Одан әрі Отан алдындағы борышын өтеуге Совет Армиясы қатарына аттанды. Әскерден келген соң, көптен бергі арманы қазақ университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Бес жыл бес күндей де болған жоқ, өте шықты. Міне, оның бар өмір тарихы осы...

Рас, Төлеген осы кезге дейін ешкімді құлай сүйген емес. Бір қасиеті: жігіттер арасында желпініп, шешіле сөйлейтін откір мінезді болса да, қыздармен пікірлесуге келгенде әлденеден қысылып жасқана беретін.

Бірге оқитын Надиранның өзін іштей ұнататынын сезетін. Қасындағы жолдас жігіттері болса:

— Жақсы қызы, мінезі жұмсақ.

— Адамды сыйлай біледі...

— Өкесі де үлкен қызметте... Бір ауданды дүбірлетіп тұр...— деп, тіпті, кейбірі әр сакқа жүгіртіп, талай тұртпектегенде ол қыздың адал сезімін құрметтегендіктен, өтірікке бара алмайтындығын кесіп айтқан:

— Қызы да бір, қызыл гүл де бір. Екеуін де аялаған жөн. Ал жалпы, достықтың төлеуі достық, махаббаттың төлеуі — махаббат демей ме?!

— Әй, қойшы, осы философиянды! Өзі ақын да емес, сонда да қызы қызыл гүл деп теңеуін қара,— деп кейбірі мұның сөзін тіпті ұнатпай қалатын.

Төлеген достар сөзін үнсіз тындалап, өзінше қабылдайтын. Өмірден өзіне арналған белгісіз бір гүлді іздеумен жүретін. Ол қандай болуы керек?! Мінезі қандай, өзі қандай, түсінігі қандай болмақ? Өзі де анық білмейді. Міне, бүгін оны күтпеген жерден әлдебір ақ сәуле елең еткізгендей. Ойымен, сырымен, қызға тән сүйкімді сәнімен Төлегеннің тыныш жатқан жүрегін төңкеріп тастағандай.

Төлеген қонақ үйдің оңаша бөлмесінде өз-өзімен осылайша сырласады. Бір түнге бір жыл сайып кететіндей ұзақ болатынын да ол бүгін ғана сезіп отыр. Төсегінен тұрып қайта-қайта терезе алдына келеді. Сыртқа үніледі. Айнала қара торғын жамылғандай, майдың қоңыр түн. Тек жаздың салқын самалы ғана осынау маужыраған тыныштықты бұзуға қимағандай анда-сандағана үп етіп, терезеге үсталған жібек пердені желліп өтеді.

Мынау тылсым түннің ғажап суретін де тұнғыш рет көргендей Төлеген. “Қалайша осы кезге дейін сезбей жүргенмін”, — деп таңданады іштей. Адам баласының бәрі Әрқашан мынандай түннің аясында, мынау керемет сұлу сезімнің құшағында болуы керек қой. Мына самал мені қалай аяласа, мен де басқаны солай аялауым, ардақтауым керек екен-ау. Мұндай тұндерде тек жақсылық, тек қуаныш, тек махабbat қана туса керек. Жамандық үшін табиғат мұндай сұлу, мұндай керемет болып жаратылуы мүмкін емес”, — деп ойлады Төлеген...

Бұрын неге ойламаған осылай. Әлде шынымен-ак ғашықтық деген осы болғаны да!! Кеудені мың түрлі күйге болейтін махабbat деген осы ма екен?! Ондайда ақын емес адам да өзінше ақын, философ болып кетеді дегеннің жаңы бар екен-ау: мұның да көкірегі күмбірлеп, мың-сан күй төгіп тұрғандай. Әлде әлемді сую, өуелі қызды сүюден, әйелді сүюден бастала ма екен?

Төлеген төсегіне жатып көзін жұмды. Көз алдына ак кептерге үқсаған аппақ жұзді, қарақат көзді қызы келді. Бір қараса үнсіз, ойланған, сескенбей, тік қарайды екен ол. Мұндай көзқарас мінез-еркі күшті, адад адамдарда болса керек...

Қап, адресін де айтпады-ау! Жата-жармасып, сұрап білуге болмас па еді!? Жок, өйтуге болмайтын-ды. Құралай желліледеп тұрған жан емес, өзгеше қызы еді”.

Аз уақыт бірге болғанның өзінде Төлегеннің сезгені осы еді.

## 2

Бұл түні қызы да ұзақ уақыт үйықтамады. Түннің бір уағына дейін радиодан тәгіліп жатқан музыканы тындалды. Өн әуендерін қанша тындаласа да тоймады. Себебі ән оған

өмір жайлары, адамдар туралы, өзі хақында ойлауына көмектесетін...

Қазір де Құралай терең ой үстінде. Терезе пердесін ысырып қойып, алыстағы қыла қалқыған күміс айға қарап жатыр. Радиоқабылдағыштан төгліп жатқан мына музыка әуені қандай десеніші. Иоган Штраус жазған атакты вальс.“Вена орманының аңыздары”. Фажап! Композитордың құдіреті бар табиғатқа тіл бітіргендей. Таң шапагымен оянған сұлу орман өмірін қалай баяндайды десенші... Талға да, бұтаққа да жан бітіп, әлдебір сиқырлы құштің жетегінде кеткендей бәрі де өз сырын шертіп, өз әнін тербел, сыйбырлап тұрғандай елес береді.

Құралай бір сәт көзін жұма тыңдал қалды. Бұл сиқырлы сурет оны өздерінің студенттік өмірінің бау-бақшасына жетелегендей. Есте қалған суреттер керуендей көшіп көз алдынан өтіп жатты.

\* \* \*

Бұл күні Құралай сабактан өдettегідей шықса да, бірден жатақханаға қайта қоймай, деканатқа кірді. Келесі айда шығаратын қабырға газетінің жоспары жайында келісті. Ол қабырға газеті редакторының орынбасары болатын.

Сыртқа шырайлы көнілмен шықкан Құралай далада университет алдында тұрған Азатты көрді.

— Сен қайдан жұрсін? Неге келдін? Жұмысың бар ма еді?— деп сұрады Құралай жайдары кейіпте, көнілінде еш алаң болмаған соң.

— Сені күтіп тұрмын.

Озі сырттай боп киініп алыпты. Бұрын көрмеген су жаңа костюм, ак нейлон көйлек. Әдемі галстук. Тойға баратындар.

— Сен қайда жиналғансың?— деді Құралай оның түріне қарап енді сәл таңырқап.

— Жүр, екеуміз қызырайық. Паркке барайық.

— Мен, осы түріммен бе?— Қыз өзінің үстіндегі киіміне назар аударды. Сұр юбка, сарғыш кофта...— өз киіміне қоңылі толмай тұр. Әрі сабактан да шаршаңқырап шықты. Бірақ бұл ой-сезімдерін ішке бүгіп, үндемей қалды.

Ол қарапайым киінетін. Әкесі соғыстан оралмады. Анасы киім фабрикасында — қарапайым тігінші. Оның жалақысынан қымбат киім өперуге ақша сұрауды жөн көрмейтін.

Жақсы киінгісі келсе де, өзін-өзі тежейтін. Кейін, өзім қызмет істегендे көрерміз... деп ойлайтын.

— Несі бар?! Әп-әдемісің! — Азат тіпті қылыш тұр.

— Ой, қойшы...

— Рас айтамын. Сұлу қыз не кисе де жарасып тұрады.

Екеуі Горький паркіне тартты. Осы жерді Құралай ерекше жақсы көретін. Кіре берістегі көк шөптен “тоқылған” табиғи кілем үстіндегі қызылды-жасылды гүл-өрнектер қандай өсем десенші. Осының өзінде қаша адамның еңбегі, ықыласы мен қамқорлығы жатыр. Одан ары — айдын көл. Тұмсықтарын суға малып, ғашықтарды құтіп тұрган қайықтар. Күндіз жұзушілер бірен-саран ғана. Азат пен Құралай қайықта мініп, біраз серуенdedі; содан соң жағаға шығып, орындыққа отырып дем алды. Құралай манағы лекциядан соң біраз тынығып қалғанын сезді. Ол бүгін Азаттың бір үлкен, ерекше әңгіме айтқысы барын түсінді. Бірақ өзі алдымен сөз бастамады.

— Құралай, бұл сырды саған бірден айтпағаным үшін кешір,— деп әнгімесін бастады Азат.

— ...Мен сенен бұрын бір Сырға деген қызбен таныс болып едім. Ол менен бір курс жоғары оқытын бол шықты. Онымен ең алғаш күтпеген жерден мұз айдынында үшірастым.

Сырганақ теуіп жүріп, бір топ қызға көзім түсті. Олар бәрі де бір келкі әдемі киінген. Айдында төгілген музыка әуенімен ырғала шыр көбелек айналып конъки теуіп жүрді. Мен жалғыз едім. Институтта өтетін конъкіден болатын жарысқа қатысадан бұрын осылай жалғыз жаттығатын әдетім бар еді. Ешкіммен ісім жоқ, өз-өзімен сырғанап жүр едім. Бір кезде әлгі қыздардың бірі тобынан бөлініп шықты да, мені шенбер жасай айналып өтіп, әрі кетті. Тағы сырғып, тағы айналып өте берем дегенде, кенет біз қақтығысып қалдық. Ол көк мұзға үшіп түсті. Мен шошып, тезірек жәрдем беруге асықтым. Жерден тұрып жатып бір аяғын сылти баса ол маған әдемі ойнақы қөздерін тоңкеріп бір қарады да, әй-шәйға келместен білегімнен ұстап топ қызға қарай сырғи жөнелді. Екпінімен келіп екеуміз қыздардың ішіне топ етіп тоқтай қалдық.

— Мынау менің жаңа танысым. Аяғымды сындырып жібере жаздағаны болмаса, жаман жігіт емес қой деймін. Көне, өуелі атын сұрайық!— деді әлгі қыз сақ-сақ күліп, маған бұрынғы таныстарындағы бұйыра.

— Давай-давай, жігіт, атың кім? — десіп қыздар шулап бастырмалатып барады.

— Қорқып тұрсын ба, неге айтпайсың? — дейді жаңағы саңқылдаған қыз жақын келіп, менің көздерімнің түбіне үңілгендей тіп-тіке сескенбей қарап.

— Азат! — дедім мен. Дауысым әдеттегіден қатты шықса керек.

— Аха, почти свобода деген ғой! Хорошо! — десті қыздар гу-гу етіп.

— Жүріндер біздікіне, бұл таныстықты сонда жалғастырайық, бәрібір үйде ешкім жок, — деді алғашқы ойнақы көз қыз, дереу бір шешімге келгендей.

— Рақмет! — деп мен кейін бұрыла бердім...

— Ой, түріңе қарағанда ынжық емес секілдісін, жур. Мен Сырғамын. Ал мынау менімен оқитын қыздар. Өз коллегаңнан да қорқасың ба? Сен де медик емессің бе?

— Иә, медикпін.

— Үшінші курстасың ғой. Мен сені көптен байқап жүрмін, — деді.

Бұл сөздер менің құдігімді біраз сейілткендей. Шынында, неден шошып тұрмын?! — Мейлі, кеттік, — дедім бір желіккен ойдың екпініне еріп.

Сырғаның үйі Алматының ортасында, зәулім үйдің үшінші қабатында екен. Қыздармен келіп, ішке кіргенде — ұнамды көріністер жарқ етті. Төрт бөлме. Жалтыраған кең зал. Әсем люстра, хрусталь ыдыстар, шетелдік мебель, қалың-қалың томдар жиналған кітап шкафы. Почти біздің үйдей екен. Кейінірек білдім, Сырғаның әкесі институтта профессор екен.

— Родительдерің қайда? — деп сұрады Сырғаның достарының бірі шешініп жатып.

— Папам Москвауда. Симпозиумда. Ал мамам — командировкаға кетті. Ол да кандидат болмақшы. Это же сейчас в моде! — деп күлді Сырға.

Бәрі улап-шулап залға отті. Қыздар дереу дастарқан жайды. Столға хрусталь фужер, рюмкалар келді. Шампан ашылды, шарап құйылды.

Өстіп отырғанда, есіктің қоңырауы сылдырлап тағы бірекі жігіт кірді. Алик, Джек деп таныстырды өздерін. Әлім, Жекебай екен аттары. Бәрі бірге оқитын боп шықты.

Олар келген соң, пластинка қойылды, би биледік. Аяғымыз талғанша.

Бәрі таныс, үйреншікті орта, жатсынбадым. Бұл үй ескі таныссының жылы қонысындағ әсер етті.

Сырғаның мінезі ашық, өткір қыз еді. Өзім де осындағ өжет қыздарды үннататынын. Рас, ерке, шолжың екен. Онда тұрған не бар?! Қой аузынан шөп алмайтын, бірдене айтсаң аяғының ұшымен жер шүқылап қалатын ауылдың үндемес жуас қыздары — қарадан-қарап жынымды келтіреді!

\* \* \*

“Ауылдан болмаса да сол перифериядан келгендердің бірі менмін ғой”, — деп ойлады Құралай өзі жайында. Астана-ның жігіті біздерге қарап қалай-қалай мұрнын шүйіреді?!

Осы ойларын бүклеместен айтып тастайын деді де, сөздің ақырын күтейін деп өзін-өзі тежеп қалды.

Азат қыздың жүзіндегі бұл женіл құбылысты байқаган жоқ. Сөйлей берді.

— Ол үйге жиі барып тұрдым. Сырға кейде өзінің практикалық жұмыстарынан, болашақта хирург болмақшы ғой, біз өлі өтпеген көп сабактардан маған едөуір әнгімелер айтып жүрді. Мұндайда Сырға маған өте білімді, энергичный боп көрінетін.

Ол биді жақсы көретін, кей-кейде сигаретті шетелдік актрисалардай сәнімен сора турып:

— Ой, Азат, сен сондай үялшақ па едің, — деп мені белгісіз әлденеге тіпті қайрай түсетін.

Бір күні ол мені үйден ертіп кетті. Бұл, тегі, оның әдеті еді. Біздің үйді біліп алған соң, тартынбай келе беретін. Әкеммен де, шешеммен де сызылмай сөйлесе беруші еді. “Бұғін менің туған күнім, соны тойлаймыз”, — деген-ди Сырға сол жолы.

Барған соң, әрине, фужерлер сыңғырлай бастады. Оның үстіне бұрын-соңды ішіп көрмеген әр түрді араластырдық. “Северное сияние” жасадық.

Осы түні көп отырсақ керек. Мен мас болып қалғанымды білмеппін. Не істеп, не қойғаным есімде жоқ. Жүрттың қашан тарағанын да білмеймін. Әйтеүір, мойныма асылған Сырғаны құшып, сүйе бергенімді ғана еміс-еміс білемін. Есуас адамдай қайда құлап, қайда ұйықтағанымды аңғармаппыш.

Бір кезде ауыр үйқыдан ояна кетсем, басқа бір үйде, бөтен төсекте жатырмын... Тұруға ыңғайлана беріп едім, Сырға сәл ыңыранып:

— Сен мендіксің, енді ешқайда жібермеймін!!! Састьм ба, белгісі... — деп денесімен денемесе жабыса түсті. Мысықтың бауырында жұп-жұмсақ кеудесінен итере, қарғып тұрдым. Тез киініп үйден атып шықтым...

Осы әнгіме басталғаннан-ақ Құралай бір түрлі ынғайсызданып, біреудің қылмысын көріп қалғандай қарадай қиналып еді. Ақыры солай боп шықты да. Ыза болды. Азатқа да, көрмеген Сырғаға да, қала берді, өзіне де!

— Рақмет! Қыздың үйіне түнеп шыққаның менен сүйінші сұраганың ба бұл?! Әлде сол түнгі қылышыма төреші бол демексің бе?! Ендеше айтайын. Сүйіншім жок... “Жігіттің құны — жұз жылқы, ары — мың жылқы” дейді екен халық... — Кешір. Арынды өзің таразыла! — деді де орнынан тұрып жүре берді.

Азат қыздың қатты кеткеніне таң қалып отырып қалды. Бұл олай болады деп ойламаған. Тіпті, әнгімесінің аяғын да тыңдамады-ау.

Ол Құралайдың артынан жүгіріп қуып жетті. Алқынып тұр.

— Құралай, ренжімеші. Мен итпін. Ақымақпын. Айтайдын дегенім ол емес еді. Мен Сырғаны ұнатпайды екенмін. Жок, сүймейді екенмін. Мен мұны сенімен кездескен соң түсіндім. Мен сені сүйемін! Түсінесің бе?!

— Мен үшін қазір бәрі күнгірт. Түсініксіз. Әрі... сенің осы сөзіңдің ар жағынан ештеңе көріп түрғам жоқ... — деді енді Құралай басынқы үнмен.

Жай айтса да, қыздың сөзі салмақты шықты. Азат дау айта алмады. Құралайдың қандай күші, қандай сиқыры барын білмей дал болып қала берді. Құралай өзі білетін қаланың бірде-бір қызына үқсамайтын. Ауылдың қызы деп және де айта алмайсың.

Артына қайырылмастан Құралай үзап кетті де, аздан соң троллейбусқа отырып, мұлдем көзден ғайып болды.

\* \* \*

Жатақханаға пәс көнілмен, түнжырап қайтты. “Не деген женілтектік?! Не деген жауапсыздық?! Оны маған неменесіне айтады?” — деп қатты қынжылды Құралай.

Өз бөлмесіне келіп, кітаптарын түмбочкаға салды да, үнсіз отырып қалды.

— Кел, тамағынды іш, сұып қалмасын деп үстін жауып койып едім. Қайда болдын?— деп сұрады бүгінгі кезекші Әсия, шұңғыл тәрелкеге ет қосып пісірген ыстық кеспені құйып жатып.

— Өзелі деканатта болдым. Одан соң паркке бардым.

— Азатпен бе? Бағана ол сені осында іздең келген. Құралай әлі оқуда дегенбіз. Жұғіріл алып кеткен...— деді қыздардың бірі.

— Осы сен сондай сымбатты жігітті қалай таптың?— деп сұрады Шолпан, жаңына жақын келіп. Құралай тамақты құлықсыз күйде ішкен бол отырған.

— Қөшеде кетіп бара жатыр екен. Қолынан үстап алдым да, жібермей қойдым...— деді Құралай құлген болып.

— Шын ба?!— Шолпан сенер-сенбесін білмей, қарап қалыпты.

— Қусың, айтқың келмейді...— деді сосын.

Құралай үндеген жоқ. Тамағын ішіп болып, ыдысын жинастырды да, өз түмбочкасына барып кітап-қағаздарын аударыстыра бастады. Ішін әлдебір ыза-реніш, өкініш жайлап жатса да, соның бәрінен арылу үшін, әлдекіммен ойша алысып, қолына дәптерін, қаламын алды. “Сыңғырлаған фужерлер, арак-шарап, сигарет тартқан қыздар... Өлгенше мас болу! Не деген сұмдық! Және сондай адамға енді мен тап боламын! Мені де кара басқан шығар. Мұны мамам естісе, тірідей өлтіреді ғой... Құрысын... сабакқа дайындалу керек. Бәрін ұмытуға тиіспін. Міне-міне, оқи бастадым. жаза бастадым...”.

Құралайдың бір әдеті негізгі оқулықтармен қоса жанама әдебиеттерді, ағымдағы баспасөз материалдарын үзбей оқитын. Керек деген дүниелерді қойын дәптеріне көшіруге ерінбес еді. Кейбір қыздар мұнысын мүлде жақтырмайды. Бүгін де осындай іске кіріскені сол болатын:

— Тағы да көшіріп жатырсың ба? Содан не пайда?!— деді бөлменің түкпір жағындағы төсекте жататын Күлән. Өзі бетіне опа-далап жағып жатыр. Күнде кештегі әдеті сол. Сөйтеді де қызыруға кетеді. Қыздар оған “Шығайбай” деп ат қойған. Себебі, үйінен келген тамақты чемоданына тығып үстап, ешкім жоқта жалғыз жейді.

Құралай оған жауап қатқан жоқ. Өз жұмысымен отыра берді.

— Өзің ойладап таппаған соң, біреудің сөзін жаттап алып айту — барып тұрған дәрменсіздік,— деді Күлән тағы да.